**1 мамыр – Бірлік күні құтты болсын!**

EL BEREKESI – BIRLIKTE!

# DOSTYQ

№ 17 (11427) Жұма 1 Мамыр 2026 жыл

Зайсан ауданының қоғамдық-саяси газеті.Газет 1930 жылғы 1 қазаннан шығады

## ҚҰТТЫҚТАУ

### Құрметті жерлестер, ардақты ағайын!

Баршаңызды Қазақстан халқының бірлік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Береке мен бірлік, ынтымақ пен татулық,тұрақтылық пен бейбітшілік ең асыл құндылық.Бірлігі бекем елдің болашағы берік, ырысы мен дәулеті өркенді. Зайсан өңірінің тұрғындары үшін бұл мерекенің орны ерекше. Ежелден қазақы қасиеттің қаймағы бұзылмаған, ұлттық салт-дәстүрлердің деңгейі өз мәнінде дәріптелген туған жерімізде ұлт пен ұлыстың берекелі бірлігімен, өнегелі тірлігі жарасым тапқан. Елімізде ұлтаралық және конфессияаралық келісім, өзара түсіністік пен сыйластық бүгінгі қоғамның қастерлі қағидасына айналған.

Осынау мереке достық пен бірліктің мерекесі, берекенің бастауы.Тәуелсіз еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықтың, мамыражай тірліктің сақталуы ұлтымыздың бауырмалдылығы мен мейірімділігінің, Қазақстанды мекендеген көп ұлтты халықтардың шынайы достық қарым қатынасының нәтижесі екені шындық. Бейбіт еңбекті, тыныштық пен тұрақтылықты бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір тұрғынның абыройлы борышы. Осы уақытқа дейінгі еліміздің, ауданымыздың бағындырған биіктері мен алған асуларында , қол жеткен жетістіктерінде барша ұлт өкілдерінің еншісі, өзіндік қолтаңбалары бар. Құт қонған киелі ауданымыз да берекелі бірлікпен, өнегелі тірлік өз жалғасын тапқан.

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Осынау мерейлі мерекеде Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға, әулеттеріңізге амандық, шаңырақтарыңызға таусылмайтын шаттық, бақыт, еңбектеріңізге толағай табыстар, арайлап атқан әрбір таңдарыңызға мол қуаныштар, жақсылықтар тілейміз! Өмірлеріңіз көктемдей құлпырып, жаздай жайнай берсін! Мерекеден мерекеге амандықпен жете берейік!

Құрметпен: АЭЛИТА АХМЕТСӘЛІМҚЫЗЫ,
аудан әкімі.
ЕРКЕБҰЛАН ЗАҒЫПАРОВ.
аудандық мәслихат төрағасы.

Чернобыль апатына – 40 жыл

## Ерліктері елге үлгі

*1986 жылы 26 сәуірде Украинаның Чернобыль қаласындағы атом-электр стансасының төртінші блогы жарылып, ең ауыр техногендік апат орын алды. Жарылыс салдарынан Украинаның және Ресейдің бірқатар аймақтарындағы адамдар өміріне айтарлықтай қауіп төнді. Тіпті, радиоактивтік ластану Қазақстанға дейін жетті. Апаттың салдарын жойып, залалсыздандыруға қатысқан отыз мың қазақстандықтардың қатарында зайсандық азаматтар да болды. Жыл сайын осы күні апат құрбандарын еске алып, адам өмірінің құндылығы дәріптеліп келеді.*



Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Чернобыль апатына 40 жыл толуына орай «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Айтулы шараға аудан әкімі Аэлита Ахметсәлімқызы, аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Зағыпаров және «АМАНАТ» партиясы Зайсан аудандық филиалының төрағасы Болатбек Балғабаев, аудан әкімінің орынбасары Ермек Қорабаев қатысты.

«Дөңгелек үстел» басында апат зардаптарын жоюға қатысқан ардагерлер сол кездегі бастан кешкен ауыр күндердің естеліктерімен бөлісті. Осы ретте ардагер Тілеуов Марат ауруханаға тексерілу кезінде Чернобыль апатына қатысушы ретінде кезексіз қабылдану жеңілдігіне қол жеткізе алмай жүргендіктерін ортаға салды. Аудан басшысы мәселенің түйінін шешуді «Дөңгелек үстелге» қатысып отырған аудандық орталық аурухананың бас дәрігерінің орынбасарына тапсырды. Келесі кезекте ардагерлер аудан әкімі Аэлита Ахметсәлімқызының қолынан «Алғыс хат» пен сыйлықтар алды және арнайы төсбелгімен марапатталды. Сонымен қатар «АМАНАТ» партиясы Зайсан аудандық филиалының төрағасы Болатбек Балғабаев ардагерлерге құрмет көрсетіп, «Алғыс хат» табыстады. Аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Серікұлы өз өмірлерін ел қауіпсіздігіне арнаған ардагерлерге жылы лебізін арнап, олардың еш ойланбастан көрсеткен батыл шешімдері өлшеусіз ерлік екенін атап өтті.

Жиын соңы аудандық мәдениет үйі көркемөнерпаздарының Отанға деген сүйіспеншілікпен орындаған әсем әніне ұласты.

**Н.ХАЛЫҚОВА.**

Экологиялық акция

## Жеменейдің жағалауы тазаланды




***Өткен аптадағы жұма күні ауданда «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру бойынша тазалық жұмыстары жүргізілді. «Мөлдір Бұлақ – 2026» республикалық экологиялық акциясы аясында Жеменей өзенінің екі жағалауы қоқыстан тазартылды. Тазалық акциясына мемлекеттік мекемелердің ұжымдары мен аудан ардагерлері белсенділік танытты.***



Акцияның атауына сәйкес Жеменей өзені жағалауында арнайы жасалған бұлақтан мөлдір су ағып, айналасына арнайы орындықтар қойылған. Бағалай білгенге кереметтей демалыс орнына айналған.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген атадан қалған асыл сөзді басшылыққа алып, жер астынан ағып жатқан судың көзін тапқан «ҚазСуШар» Шығыс Қазақстан облыстық филиалы Зайсан ауданы бойынша өндірістік учаскесінің бастығы Наққажин Бақытжан Ғазезұлы бастаған мекеме қызметкерлеріне және қала әкімі Ринат Тауасаровқа жұртшылықтың алғысы шексіз болары анық. Демалушылар маңдай термен жасалған еңбекті бағалап, айналасына қоқыстарын шашпай, бүлдірмей табиғатқа сый-құрмет көрсетеді деген үміт арттық.

**Н.ІЛИЯСҚЫЗЫ.**

*Қарттарым – асыл қазынам*

# Қоғамды құтқаратын уақытында айтылған шындық

***«Дүниенің бұзылуы – залымдардың залымдығынан емес, жақсылардың үндемеуінен».***

***Мартен Лютер Кинг .***

Мартин Лютер Кингтің «Дүниенің бұзылуы залымдардың залымдығынан емес, жақсылардың үндемеуінен»,-деген сөзі бүгінгі қазақ қоғамына қарата айтылғандай әсер қалдырады. Себебі, бізде залымнан бұрын, үнсіз қалған ақсақал көбейді. Қазақ қоғамында ежелден ақсақалдар моральдық тірек еді. Ол тек төрде отырған қария емес, әділдіктің, әділеттің дауысы болатын. Ақсақал сөйлегенде дау тынатын. Ақсақал қарсы тұрса хан да ойланып қалатын.Өйткені, оның сөзі жеке адамның мүддесі емес, елдің қамы, ары еді...

Ал бүгін не көріп отырмыз?Жастардың тілі еркінсіді,ұят атаулы жоғалып барады, әділетсіздік ашық жүріп жатыр. Алайда, осы сәтті тоқтататын «жетер », «обал» дейтін дауыс сирек естіледі. Ақсақалдар бар, бірақ ақсақалдық жоқ. Олардың көпшілігі «өзім аман болайын, тыныштық керек,биліkпен сөзге келмейін»деген қауіптің торына түскен. Үндемеу сақтыққа, ал сақтық – әдетке айналған. Бірақ үнсіздік бейтараптық емес,үнсіздік әділетсіздікке іштей келісу. Ең қауіптісі кейбір ақсақалдардың халықтың емес, биліктің сөзін сөйлеуі. Ақыл айтудың орнына – жағымпаздыққа, әділ болудың орнына – жайлылыққа үйренуі ақсақалдардың күйреуі.Мұндай қариялар қоғамды түземейді, керісінше, оның ауруын жасырады. Әрине, бәрі бірдей емес. Ауданда шындықты айтып, жастарды жөнге салып жүрген , жалғыз болса да тура жолдан таймаған қариялар бар.Бірақ олардың дауысы естілмейді. Себебі, бүгінгі қоғам ақсақалды емес, атақты тыңдайды, дананы емес, даурықпаны қолдайды. Осыдан «Ақсақалдар неге үндемейді?»деген сұрақ туындайды.Әлде,біз олардың сөзін тыңдай алмайтын қоғамға айналдық па?Ал шындық біреу, егер ақсақал сөйлемесе, ұрпақ адасады. Егер әділ сөз айтылмаса, залымға жол ашылады. Ақсақалдың міндеті тыныш отыру емес, қажет кезде тыныштықты бұзу. Өйткені, кейде қоғамды құтқаратын нәрсе айқай емес, дәл уақытында айтылған ащы шындық.Жоғарыда айтылған бұл пікір көршілес Ақсуат ауданының құрметті азаматы Беделхан Камалханұлының желіге жариялаған өз ойы.

«Ұлттық мүдде үшін күреспеген қазақ зиялыларының құны көк тиын», деп марқұм Мұхтар Шаханов ағамыз болып жатқан әділетсіздіктерді көрсе де көрмегендей, білсе де білмегендей , « Менің онда нем бар, басшылыққа жек көріністі болып»деп үнсіз қалуына қатты налып айтқаны еді.Автордың жазбасына өз пікірлерін білдірген елжанды азаматтардың бар екені қуантты. Атап айтқанда, Айдын Рысбекұлы былай дейді; – «Үнсіздік – бұл ең рухани дағдарыстың бірін көрсеткен диагноз. Ақсақалдар бар, бірақ ақсақалдық жоқ, жасы үлкен болғанымен сөз жоқ адам моральдік тірек бола алмайды»,-дейді.Енді бір оқырман; «Әділетті сөз айтылмаса, онда үнсіздік жүйелі түрде әрекетсіздікті заңдастырады»,-деп көріп келгендей айтып отыр. Ол рас. Бұл жерде айтайын деп отырғаным жақында Зайсан ауданында өткен аудандық ардагерлер кеңесінің есеп беру сайлау конференциясы туралы. Аудан жұртшылығы конференцияның қалай өткенін видеодан көріп,аудандық баспасөзден оқып отыр. Аудандық ардагерлер Кеңесіне жетекшілік етуге әкімшіліктен жасы алпыстан асқан азамат, бұрын төрт мәрте аудандық мәслихаттың депутаты болғандығы ескертіліп ұсынылды. Бірақ жиналыс басталғанда екі-үш ардагер, ауданымыздың бетке ұстар құрметті ардагерлері, жасы жетпіс, сексеннен асқан ардақты қариялары, олардың ішінде «Парасат» орденінің иегері бар, бүкіл Қазақстанға танымал дәрігер-хирург Бітімхан Қошпанов, байланыс саласының еңбек ардагері Тынышбек Жүнісов және Зайсан ауданының білім бөлімінде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында қырық бес жыл қызмет атқарған, осы мақаланың авторы өзім конференцияда сөз алған замандастарымның ұсынысын қолдап, Зайсан ауданының құрметті азаматы,аудандағы спорт саласының ардагері Зайсанбек Қажановтың кандидатурасын қолдап, өзімнің пікірімді білдірдім. Өйткені, Зайсанбек Қажановтың ауданға сіңірген еңбегін, ұйымдастырушылық қабілетін, көпшілікпен қызмет атқара алатындығын жақсы білетін едім. Оның аудандық ардагерлер кеңесіне басшылық жасауына іскерлік қабілеті мен біліктілігі жеткілікті, нағыз лайықты азамат деп бағалаған едік.

Осы орайда конференциядағы басты қателіктің бірі – кеңеске төрағалыққа ұсыныс жасау мәселесінен басталды. Конференция барысында төрағалыққа ұсынылған үміткер екі адамды есепке алып, хабарлап, жеке-жеке дауысқа қою туралы ұсыныс жасалу керек еді. Олай болмады.Президумда күні бұрын конференцияны жүргізуге өзін-өзі сайлап алған төраға өздерінің мақсаттарына қарай бұрды. Конференцияға арнайы шақырылған делегаттардың ұсынысын есепке алмауға тырысты. Конференцияда алдымен аудан әкімінің орынбасары Е.Қорабаев ұсынған үміткерге қол көтеруді сұрады. Оған дауыс беру кезінде алты адам ғана қол көтерді. Олардың өздері қолдарында мандаты жоқ алты адам. Осы кезде залдан арнайы шақырылған делегаттар өз құқықтарын талап етіп, «Біздің ұсынған кандидатқа неге дауыс бермейміз?»деген сауал қойып, өз наразылықтарын білдірді. Сол сәтте небәрі алты дауыс қана алған, аудан әкімнің орынбасары ұсынған кандидат ренжіп, орнынан ұшып тұрып, кетуге бет алғанын көрдім. Артынан «Орнына қайта отырды», деп жатты, оған мән бермеген екенмін. Артта отырған төрт-бес адам, қолпаштаушылар залдан шығып кетті. Заңдылыққа сүйенсек, олардың дауысы есептелмеуге тиісті. Өйткені, олар конференцияға арнайы шақырылған делегат емес еді. Залдағы шуды президумда конференцияны жүргізіп отырған аудандағы қоғамдық кеңестің төрағасы Марат Қалиасқарұлы баса алмай, соны көрген ауданның құрметті азаматы, есімі аудан жұртшылығына танымал, аудандық ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы Тұқан Мырзаханов орнынан тұрып, ардагерлерді тыныштандырып, конференцияны жалғастырып, ұсынылған екі кандидатты қайтадан дауысқа салды. Нәтижесінде делегаттар Зайсанбек Қажановты орындарынан тұрып, қолдарын көтеріп қолдайтындарын білдірді. Содан кейін Президумда отырған Марат Қалиасқарұлы мен Тұқан Мырзаханов «Зайсанбек Қажанов аудандық кеңестің төрағасы болып сайланды»,-деп,жариялады.Сөйтіп, әрі қарай конференцияның күн тәртібі бойынша облыстық ардагерлер конференциясына делегаттар ұсынылып, ұйымның мүшелері аталып, бекітілді.

Ертеңінде аудандық Жастар ресурстық орталығында орналасқан ардагерлер кеңесінің кеңсесіне шақырылдық. Тәңертең сағат тоғызда сол жерге барған кезде ардагерлер кеңесі орналасқан ғимараттың есігі қақпасына дейін кілттеулі, жабық болды. Бір қарт ардагер жаяу-жалпы кілт іздеп, бұрынғы ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрсынхан Молдахановтың үйіне барып,оны таба алмай келді. Сағат он бір кезінде есікті ішінен іліп отырған жастар орталығының бір қызметкері ардагерлерді мазақ еткендей есікті іштен ашқанын көргенде



айтарға сөз таба алмадық.Ол кімнің тәрбие бастауы, кімнің тапсырмасы екенін ұқпадық. Аудан ардагерлерін екі топқа бөлу осындай ыңғайсыз қылықтардан бастау алған секілді. Бұл екінші күн орын алған жағдай.Ал үшінші , төртінші күн бе,конференцияда өтпей қалған кандидаттың төраға ретінде облыс орталығында өткен облыстық ардагерлер конференциясына қатысып, облыс әкімінің жанында Тұрсынхан Молдахановтың марапатталып жатқандағы суретін әлеуметтік желіден көріп, таң тамаша қалған жәйіміз бар. Недеген жылдамдық?!

Марапатқа келетін болсақ жалпы әр адамның лайықты еңбек еткені бағаланып, оның еңбегінің нәтижесіне қарай берілгені дұрыс шығар деп ойлаймын. Әр марапат марқаю үшін емес, елдің жүгін арқалауда қуат сыйлап, қанат бітіріп, қайрат көрсете білгені үшін берілу керек.Аудандық кеңестің бұрынғы төрағасы бес жыл төрағалық еткен уақыт ішінде өткізген бір жиналысты өз мәнінде ұйымдастыра алмай, аудан ардагерлерін екіге бөлген , баланың ойынына айналдырып, кешегі аудандық кеңестің мүшелеріне жұмыс орнының кілтін тапсырудың орнына кілтті бермей әуреге салды. Жасы сексенге таяған ақсақалдың білгені осы ма? Ары қарай айтарға сөзім жоқ. Есеп беру, сайлау конференциясында бұрынғы төрағаның атқарған жұмысына «қанағаттанарлық», «үш» деген баға берілгенде , ол қандай медаль?

Күні кеше ғана Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбай: – Кейінгі кезде ұстаздардың кәсіби деңгейі нақты нәтиже – білім сапасымен емес, «Алғыс хат» пен медаль арқылы өлшенетіндей жағдайға жеттік. Соның салдарынан мұғалімдер білім беру емес, марапат жағынан бір-бірімен жарыса бастады.Жалпы атақ – әлсіз адамды ғана емес, үлкен талантты да жолынан тайдырады.Атақ алғандар тарихта қалады. Бірақ, қалай қалатынын

әрине, уақыт шешеді.

Кеше ғана «Әділетті Қазақстанды құрамыз»,-деп ата Заңымыз – Конституцияны қабылдап, оған бірауыздан дауыс бердік. Яғни, жаңа конституция көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы!Бұл ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың көрінісі.Конституция – мемлекетіміздің бас құжаты, халықтың берекелі ауызбіршілігінің символы!Олай болса, адам құқығы мен бостандығын қорғау мемлекетіміздің стратегиялық бағыты болмақ!

Бұл жерде мен аудандық ардагерлер конференциясының барысында делегаттардың ұсынған кандидатын дауысқа салуға кедергі жасаған конференцияны жүргізушілердің Зайсанбек Қажановтың құқығы мен конференцияға делегат ретінде шақырылған ардагерлердің құқығын таптау дер едім.

Көпшілікке белгілі, референдумда қазіргі заманғы бейімдеу шараларының жоспарлары жасалды. Сенат, Парламент кетті.Біріншіден,.олардың орнына Құрылтай құрылатын болды. Ол Заң шығарушы орган 45 депутаттан тұрады деп жоспарланған. Екіншіден, Вице-президент лауазымы пайда болады.Яғни, бұрынғы мемлекеттік кеңесші қызметі жойылады.Үшіншіден, Халық кеңесі, бұрынғы ассамблеяның орнын басады. Бұл 126 азаматтан тұрады. Бұл азаматтық қоғам мен билік арасындағы диалог алаңы ретінде қарастырылған.

Жаңартылған осы жаңа заң халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру мен қатар құрылтай, Халық кеңесі арқылы халықтың арасындағы алтын көпір жасау ниетінде ерекше орын алады. Олай болса, аудандағы, ауылдардағы билік пен халық арасындағы алтын көпір қоғамдық кеңестер, кәсіподақ ұйымдары, ардагерлер, әйелдер кеңесі болып саналады. Осы аталмыш ұйымдар дау-дамайды өршітпей, туындатпай, аудан халқының бірлігін, татулығын сақтайтындай дәрежеде болуы міндетті. Өкінішке орай, Зайсан өңіріндегі аздаған ардагерлер тобын екіге бөле қарап, Зайсанбек Қажановты ұсынған еңбек ардагерлеріне емес, әкімшілік өз қалауына қарай басқа бірнеше қоғамдық ұйымдарда мүше болып жүрген, бұрынғы депутатты «жақтаушылар»,- деп ішкі саясат бөлімі тарапынан қол жинау дұрыс па?Бұл әкімшілік араласатын нәрсе ме?Қаншалықты дұрыс, не бұрыс?Ондай болатын болса екі тарап неге алдын-ала келісіп алмаған?Конференцияда 6 дауыс жеңіп, жиырма алты дауыс алған З.Қажанов өтсе де өтпей қалады. Сонда әділдікті кім орнатты?Шындыққа қашан, қандай жолмен жете аламыз?Адамдардың арасындағы алауыздық, мемлекетке деген сеніміздік осындай алалаудан, мансапқорлықтан, басқаның құқығын таптаудан туындайтынын, кім тоқтатады? «Сотқа барсын, прокурорға барсын»,-деген Зайсан ауданында үйреншікті қорқыту әдісі болып бара жатқандай. «Ана жерде – мынандай сөз айтты, мына жерде мынандай сөз айтты» деп қаншама жас азаматтардың тауы шағылып жатыр. Осы дұрыс па? Қоғамдық ұйым деген халық арасындағы байланыс көпірі. Әр адамның проблемасын шешуге көмектесіп, ақсақалдық ақыл, кеңес айту, әділдікке сендіру, шындыққа қол жеткізуші көпір болуға тиіс.

**«Әлем тарихынан жақсы білетініміздей, кез келген ұлттың өркендеуі ұлттық рухтың күштілігіне байланысты. Ұлтты алға бастайтын ең алдымен ұлттық сананың мықтылығы.Ол үшін сенім, үміт, рух болу керек. Әрине, сенім болу үшін ұлтымыздың зиялыларының атқаратын рөлі зор болу керек.**

**Қазбек Иса,**

**Парламент депутаты.**

Аудандағы осы келеңсіз жағдайдан аудан халқы хабардар болды. Өкінішке орай, көзі көріп, құлағымен естіп, жиналысқа қатысып, әділетсіздікті көріп отырса да сырттан жинаған топтың тізіміне қол қойып,құтылғанын естіп, өз пікірлерін айта алмағандарына не дерсің?Сонда «Әділетті Қазақстанды» кім жасайды?Шындықты кім орнатады?Әділетті сөз айтылмаса, онда үнсіздікжүйелі түрде әрекетсіздікті заңдастырады ғой. Заңдастырды да!Олай болса сөйлей алмаған ақсақалдар қоғамға тірек емес! Тек ақсақалдардың үнсіздігі ғана емес, бүкіл зиялы қауымның да үнсіздігі өте қауіпті. Қоғамға жауап керек. Ол ашық болу керек, демократия деген сол!Сын айтылмаса, ешқашан мін түзелмейді. Әулие Сағди Ширази; «Адамға қателігі айтылмаса, ол өз қателігін өнер деп санайды»,- деген екен. Осы жерде айтқым келгені қазір еліміз бойынша идеологиялық тәрбие жұмысы жоқтың қасы. Олай дейтінім, тәрбиелік мәні бар газеттер мен журналдар азайған. Тәуелсіз басылымдар аз.

Қазір еститін мемлекет құрамыз дейміз. Әрбір адамның тілегін, сөзін есту үшін Президент жаңа Ата Заң енгізді. Жоғарыда айтқанымдай, халыққа арналған алтын көпірлер құрды. «Сол көпірлерді басқарамыз», деп әлден талас-тартыс өріс әрі қарай өрлемесін десек, әкімшілік емес, халықтың өзіне лайықтыларды таңдауға мүмкіндік берілу керек. «Жұмсам алақанымда, ашсам жұдырығымда»,- деген мақсаттан аулақ болу керек. Осындай келеңсіздікке жол бермейтін зиялы қауым мен ақсақал ардагерлер үнсіз қалған жағдайда келеңсіздікті ашып көрсететін журналистика саласын меңгерген қалам иелері. Еститін мемлекет журналистердің үнін есту керек. Өйткені , олар арқылы халықтың үні естіледі.Бұлардың бәрі үндемесе, бүкіл ұрпақ ұтылады.

Кеше ғана Парламент депутаты Мұрат Әбенов журналистке берген сұхбатында; «Ата заң мемлекеттік органдарға бұрын болмаған үлкен жауапкершілік артып отыр. Адам өмірінің құндылығын ерекше деңгейге көтеріп қойдық. Азаматтар құқығы бұзылған жағдайда министрліктердің үстінен сотқа бере алады»дегенді бірінші рет жазды. Қоғам көтерген мәселе бірден Президентке жетті. Алматыдағы жол апаты қоғамның өзгергенін көрсетті. Қоғам бұл мәселені ашық желі арқылы, баспасөз құралдары арқылы көтермегенде жазасыз, жабулы күйінде қалар еді. Халық бұрынғыдай көне беруге құлықсыз. Сол сияқты депутат Қазақстандағы банктердің құлық сұмдықтарын ашып, халықты қанау жолдарын біршама азайтуға ықпал еткен. Осындай көптеген жаңалықтарды басылым беттерінен білуге болады.Президенттің саясатын жүргізетін адамдар оның идеологиясын түсіну керек,- деп атап көрсетті депутат. Әртүрлі деңгейдегі шенеунік бар, олар бұрынғы жүйе бойынша жұмыс істегісі келеді. «Айтпай-ақ қойшы, шулатпай-ақ қойшы, өзіміз шешеміз»,-деген сияқты. Осылайша ескі жүйеге жармаса берсек, жаңа заңды не үшін қабылдадық?дей келе соттың да санасы өзгеруі керек. Қоғамның пікірі ескерусіз қалмайды.Енді бірде-бір әкім, прокурор немесе министр халықтың аузын жаба алмайды. Керісінше 274 бап бойынша шенеуніктердің өзін жауапқа тартуға болады. Қоғамды алдап, жалған уәде беретін басшыларды азаматтар сотқа беруге құқылы.

Депутат Мұрат Әбеновке журналист мынандай сұрақ қойды. «Ертең Құрылтайға кіре алмай қаламын деп қорықпайсыз ба? Көп мәселені қатты айтып жүрсіз», деді. Сондағы депутаттың жауабы; «Мен әркез қоғамның сөзін сөйлеуге, халықтың көзін ашуға мүдделімін.Заңды құқығын пайдалана алмай жүргендерге көмектескім келеді. Қарапайым ортада өстім. Заңсыздықты көп көрдім.Шамам келгенше барлық салада заң үстемдігін орнатуға күш саламын.Ол үшін депутат болудың қажеті жоқ. Әлеуметтік желі бар, мемлекетті емес, шенеуніктерді сынаймын, дұрыс емес шенділерді сынаймын. Табиғатым мемлекетшіл адаммын», деді.

Міне, депутат деген осындай болу керек. Өйткені, оны халық таңдады. Халықтың сөзін сөйлеу керек. Меніңше, қоғамдық ұйымдарға жергілікті жерлердегі болып жатқан әділетсіздікті анықтап, адамға көмек қолын созса, әлеуметтік желіден басқа мәселелерін айта алатын мүмкіндігі жоқ қой.Сондықтан сын айтып, көмек сұрағандарды әділдік, шындық талап ете алған азаматтарға ренжіп, кектенбей, «ананы бұғаттау керек, мынаны сотқа, прокурорға беру керек , сандалсын» деп кектенбей ата-ана, аға, қарындас болып, кез-келген адамның талабын, көрген азабын әділетсіздік пен тапталған шындығын қарапайым тілмен жеткізіп, барынша көмектесіп отырса, Президенттің халық қамын ойлап жасаған кез-келген бағдарламасы мен заңдары «халықты басқарыңдар, жағдайын жасаңдар» деп тапсырған басшылар орындаса, талап әділ болса, халықтың берекe , бірлігі де артар еді. Қай жерде әділдік пен шындық жоқ, сол жерде шу көп болатынын білеміз. Халықты әділетсіздіктен кейде журналист қорғайды. «Мен баяғыда ананы қорғағам, мынаны қорғағам»,- демей, ол сол кезде еткен еңбегі үшін жалақысын алды,.Марапатын да алған шығар. Бірақ, қазір қоғам басқа,ол социализм қоғамы болатын, тәртіп пен талап сол кездің заңына қарай орындалып отырды. Ал қазір ше?Қазір ол заманмен бұл заман бірдей емес. Талап та бөлек, адам да бөлек. Осыдан қырық жыл бұрын атқарған жұмысымыз архивтерде ғана қалды. Сондықтан журналист мамандықты ғана таңдаған жоқ, олар қоғам өміріне пайда тигізетін өмірлік мақсатты таңдауы керек. Яғни, ең бастысы – өз мүддесін қорғай алмайтындардың үні болуы керек.Мәселен, кеше ғана ауданда өткен ардагерлер конференциясын дауға айналдырған төрағалардың аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасын сайлауы жайындағы мәселе сөзімізге түздық болады. Ең өкініштісі қоғамдық пікірді бұрмаламау, бұрмалатпаулары керек. «Журналистика келеңсіздіктерді ашып көрсететін санитарлар»,- деген тамаша теңеуді бір жерден оқып, түртіп алған едім. Демек қайталаймын. Еститін мемлекет, журналистердің үнін естуі керек. Дәл қазір біз секілді қариялар желіден гөрі баспадан шыққан газеттердегі ақпараттармен, жаңалықтарға ғана сенеміз. Журналистер сөзіне сенеміз. Шындықтың нүктесін журналистер қоюлары керек.

Карл Айдсвог деген журналист «Журналистика өз жолынан жаңылса, жамандықтың аты озады», -деген. Сондықтан халқым, үндемесек, ұрпақ ұтылады.Ұрпақ қамын ойласаңдар ақсақалдарды, ата-аналарыңды құрметтеңдер. Халық тәуелсіз көзқарас күтуге қақылы!Халық арасында жазушы, журналист, ұстаз, басшылықтағы қызметкерлер барлығының міндеті ащы болса да, ақиқатты айта білумен өлшенеді.Ұлтқа қызмет ету деген меніңше осы! Тасада тұрып тас лақтыру әдетінен арылуымыз өте қажет. Халық даналығы; «Іште дау көбейсе, сыртта жау көбейеді» деген бар. Бауыржан Момышұлы атамыз; « Намысты болу үшін тәртіп керек, Тәртіп бар жерде ұят бар, ұят бар жерде намыс бар» ,деп өсиет еткен еді. Намысты, әділ болуға, әділ пікір айтуға , жастарға өнеге болуға шақырамын.

***Г.БЕРДЕНОВА,***

***Зайсан ауданының құрметті азаматы.***

*5 мамыр – Дүниежүзілік акушерлер күні*

# Ана мен бала бағбаны атанған...

**5 мамыр – Дүниежүзілік акушерлер күні . Бұл мереке адам өмірінің ең әсерлі сәтіне куә болып жүретін жауапкершілік жүгі басым мамандық иелерінің мерекесі. Осынау сәтте жерлесіміз Сейілханова Гүлсім Әділқажықызының да құшағы гүл шоқтарына толса, ұлағатты ғұмырының өткен күндері есіне оралады. Акушерка деген жауапты кәсіпті жанына серік еткеніне биыл тура 43 жыл болады екен.Осы жылдар тізбегінде ол ана мен бала өмірі үшін талай күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндерді өткізгені есінде. Әрбір ананың тар құрсағын жарып шығуға талпынып, дүние есігін ашатын нәрестенің аман-есен өмірге келуіне өз білімі мен іскерлігін ұштастыра білді. Соның нәтижесінде қаншама ананы аман-есен босандырып алып, ұмтылмастай бақытқа кенелтті, жыл сайын көптеген отбасына қуаныш сыйлады.Көпшіліктің ақ ниетпен айтылған алғысын арқалады. ..**

**Қарлығаштай қанатымен су сепкен,**

**Дәрігерді дәріптейді ел құрметпен.**

**Ақтау Сізге ел сенімін абырой,**

**Қайтарасыз күнзіз-түні еңбекпен,** деген ән жолдары Гүлсім секілді ақ халатты мамандық иелеріне арналған.

Зайсан өңіріндегі және көршілес Тарбағатай, Марқакөл аудандарындағы ақ жаулықты аналар мен олардың отбасылары, туған -туысқандары Гүлсімнің есімін әрдайым мақтаныш сезіммен, құрметпен еске алады. Мерекелерде қоңырау шалып, өздерінің ыстық лебіздерін білдіреді. Өйткені , ол өзінің жалындаған жастық шағы- он тоғыз жасынан бастап, ана мен бала денсаулығын сақтау жолында аянбай тер төгіп жүрген өз кәсібінің білікті маманы. Осы уақытқа дейін мыңдаған отбасына қуаныш сыйлаған жауапты кәсіптің иесі. Гүлсім Әділқажықызы ана болу бақытына ие болған нәзік жандыларды аман-есен босандырып, дүние есігін енді ашқан сәбилерді өз қолымен қабылдап алып, солардың кіндігін кескендіктен кіндік анасы атанған жанның бірі . Оның ауданның денсаулық саласына қосқан сүбелі үлесі қомақты. Соның ішінде перзентхана бөлімінде көптеген жылдар еңбек етіп, акушерка саласының жілігін шағып , майын ішкен , қолы жеңіл ,емі шипалы ақ халатты абзал жан. Ол қарапайым да жауапты мамандықтың иесі.

Гүлсім Сейілханова Өскемен қаласындағы медициналық училищенің түлегі. Аталған оқу орнындағы акушерка бөлімін 1983 жылы тәмамдаған. Қолына диплом алып, жас маман атанған күннен бастап ана мен дүниеге келетін нәрестенің өмірі, денсаулығы үшін тер төгіп, өзінің таңдаған кәсібінің біліктісі атанды. Ұлағатты өмірінің басым бөлігін перзентхана бөлімінде осы салаға арнады. Ол ең алғашқы акушерлық жолын Зайсандағы аудандық орталық аурухананың әйелдер босанатын бөлімінен бастады. Сол заманда екінші үйіне айналған ұжым табалдырығын имене аттаған жас қызды адам жанының арашашысы атанған марқұм Халел Қалимолдин, Қазима Бақтыбаева, Файна Сапаева секілді тәжірибелі әріптестері құшақ жайып қарсы алып, таңдаған мамандығының қыры мен сырына баулды.Тумысынан өжет, мінезі ашық-жарқын жас маман училище қабырғасынан алған білімін, теориямен ұштастыра жүріп, тәжірибелі мамандардан көп нәрсе үйренді. Марқұм Румма Бікірова, Бітімхан Қошпанов,Мәкен Есжанов,Бекзат Айтбаев , Мәмила Қалибекова, Майшекер Қорабаева, Әзия Боранбаева, Н.В.Котова, Сәуле Бұрынбетова, Қатира Мұхаметқалиқызы, Айтжамал Назарова, Майгүл Қасенова секілді білікті дәрігерлер оның өмір мектебіндегі нағыз ұстаздары болғанын күні бүгінге дейін мақтанышпен еске алады.



– Мен училищені бітіргеннен кейін арнайы жолдамамен Зайсандағы аудандық орталық ауруханаға келдім. Өзім көршілес Тарбағатай ауданының Тұғыл мекенінің тумасымын. Небәрі он тоғыз жасымда ақ халат киіп, алғашқы еңбек жолымды бастадым. Сол кезде бұл ұжымдағы аға ұрпақ өкілдері мені құшақ жайып қарсы алып, ақыл-кеңестерін беріп, білмегенімді іс жүзінде үйретті. Сондықтан менің тәлімгерім болған барлық ұстаздарымды , сол бір кездерді әрдайым сағынышпен еске аламын. Ал бүгінде өзім ізімізді қуған көптеген жас мамандарға ақылшы болатындай дәрежеге жеттім,- дейді өткен күндерін есіне алған Гүлсім Әділқажықызы.

Ол балдәурен балалық шағынан бастап, бала қиялымен адам жанының арашашысы болуды армандады Гүлсім көп балалы қарапайым отбасында тәрбиеленіп, ақ халат киіп жүрген дәрігерлерге сырттай қызығып, солардың іс-әрекетіне еліктеп есейді. «Өскенде дәрігер боламын» деп арман жетегінде жүріп, соның нәтижесінде болашақ мамандығын таңдады. Оның өмірден өз орнын адаспай таңдауына асқар тауы – әкесі мен ақ сүтін беріп , түн ұйқысын бөліп өсірген – аяулы анасының да тектілікті жандарына серік еткен тәлімді тәрбиелері өз ықпалын тигізді.

Өз заманында көппен бірге небір қиын-қыстау кезеңдердің қиындығын арқалап, сұрапыл жылдардың куәгері болған әкесі Әділқажы Сейілханов 20 жасында Риддер қаласында ФЗО-да жұмыс атқарған. Маңырақтың тумасы, өмірлік қосағы Күлзия екеуі шаңырақ көтеріп, бақытты отбасы атанып, он баланы дүниеге әкеліп, барлығын қатарларынан қалдырмай тәрбиелеп өсірген. Риддерден 1962 жылы Тұғыл ауылына келіп қоныстанған. Ұлдары мен қыздарының ішінен кішкентайынан өзіндік батылдығымен тақылдаған қыздары Гүлсімнің бетін қақпай, белін буып, ақыл-кеңестерін беріп, оның айтқанын орындап, бала күнгі мақсатына қол жеткізуіне барынша қолдау көрсеткен. Ақ баталарын беріп, кәмелетке толмаған балаларын қолына кітап толған чемоданын ұстатып, оқуға шығарып салған. Әсіресе, Гүлсімдері қолына дипломын алып, денсаулық саласының жас маманы атанып, орталарына оралғанда ата-ана, аға-бауырларының қуанышында шек болмағын. Сол бір сәттер де Гүлсім Әділқажықызының жадында мәңгілікке сақталған естелік болып қалды.

Гүлсім өз ұжымында құрметке ие болды, әріптестерінің мақтанышына айналды. Ол сын сағаттарға толы жұмыс бабында күнделікті қаншама аналарды босандырып, «Мынау кең дүниеге мен келдім» дегендей іңгәлаған қызылшақа сәбилерін құшағына бергенде көңілі көктемдей құлпырып, жаны жай табатын. Өйткені, өз кәсібін атқаруда талай жағдайларға куәгер болған. Ол өз ұжымында қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.Аудандық орталық ауруханадағы бөлімдер арасында ұйымдастырылған мәдени және спорттық шараларға белсене қатысып,әріптестерімен



бірге әрдайым перзентхана және әйелдерді емдеу бөлімдерінің намыс ын қорғап, өз өнерлері мен шеберліктерін көрсете білді.

Кейіннен Гүлсім Әділқажықызы бала тәрбиесіне байланысты клиника диагностикалық орталыққа ауысып, осында абыройлы қызмет атқарып, аналарға өзінің ақыл кеңестерін беріп, талай жас келіншектің аяулы ана атануына үлесін қосты.Білікті маман, тәжірибелі тәлімгер өткен жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Бірақ сүйікті кәсібінен қол үзген жоқ.Ол бүгінде көптеген жас мамандардың ақылшы ұстазы, акушерка мамандығының қыры мен сырын үйретіп жүрген білікті тәлімгер.

– Менің өмірімде екінші үйім болған – ұжымымдағы әрбір әріптестерімнің орны ерекше. Кезінде балалар дәрігер болып қызмет атқарған Ләззат Ажыханқызы, Нағима Оразғалиқызы.Майгүл Бұлғақбаева, Айгүл Қайранбаева, Гүлнәр Мәмиева, Айжан Әбикешова секілді білікті мамандар ауданымызда ана мен бала денсаулығы жолындағы күресте, олардың денсаулығын сақтап қорғауда,болашақ ананың және өмірге келетін сәбидің амандығы үшін тер төккен, осылардың әрқайсысы абыройлы қызмет атқарған жандар,-дейді Гүлсім Әділқажықызы.

Ол заман талғамына сай білімін жетілдіруде өзінің атқарып жүрген мамандығына сай үнемі айтар лықтай нәтижелермен арнаулы сертификаттардың иесі атанды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының, аудан басшыларының, аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің көптеген «Мақтау грамоталары» мен «Алғыс хаттарымен» марапатталды. Мерекелік төсбелгілердің иегері.

Гүлсім білікті маман ғана емес, аяулы ана, ұлы Шыңғыс жоғары білімді маман, облыс орталығы Өскемен қаласында өзінің атқарып жүрген кәсібі бойынша азаматтық қорғау саласының сержанты, аға өрт сөндіруші-құтқарушы.

***А.Дәулет.***

Мерейлі сәт

# Өмірі өнеге мен тәлімге толы

*М.В. Ломоносов атындағы орта мектептің 150 жылдық мерейтойына арналады*

**«Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі!»**

**Ыбырай Алтынсарин.**

Құрметті оқырмандар! Зайсан қаласындағы М.В. Ломоносов атындағы орта мектептің 150 жылдық мерейтойына байланысты осы білім ордасында ұзақ жылдар өз өмірін шәкірттеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісіне арнаған аяулы әпкем Қадиша Жырымбаева туралы ой-толғамыммен



бөлісқім келеді.

Жырымбаева Қадиша Н.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетін үздік дипломмен бітіргеннен кейін Зайсан қаласындағы М.О. Әуезов және М.В. Ломоносов атындағы орта мектептерде физика және математика пәндерінен сабақ берді. «Математика» мен «Физика» деген ғажайып әлемнің сырын оқушыларына айқара ашып, білім нәрімен сусындатып, ұстаз деген қасиетті мамандықты абыроймен атқарды.

«Ұстаз – адам тәрбиесі мен білімінің темірқазығы, болашақты қалыптастырушы ұлы тұлға»- десек, ұлт ұстазы Мәлік Ғабдулиннің: «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы әсер етеді»,- деген сөздері ойға оралады. Сол жылдары дайын киімдердің сапасы ойдағыдай болмағандықтан, көпшілік көбінесе киімдерді тіктіріп киюші еді. Өз басым әпкемнің талғампаздығына, ұқыптылығына, жинақылығына, білімге құштарлығына, өзіне-өзі қатаң талап қоя білуіне, мұнтаздай тазалығына, ісмерлігіне, көркем келбетіне тәнті болушы едім.

Ол заманда қазіргідей интернет жоқ. Теледидар да Зайсанға кеш келді. Әпкемнің сабаққа дайындық столында «Математика в школе», «Физика в школе», «Советская педагогика», «Знание – сила», «Квант» журналдары жататын. Сабаққа қажет осы журналдарды жылма-жыл жаздырып алатын. Оқулықпен ғана шектеліп қалмай, қосымша мағлұматтар арқылы оқушыларға білім беру көкжиегін кеңейтуге тырысатын еді. Ол сабаққа дайындалып отырғанда үйде ерекше атмосфера болушы еді...

Әсіресе, әпкемнің дәптер тексергенін ұнатушы едім. Әр класта отыз баладан болғанда, бес кластың дәптерлері жұмыс столында қаз-қатар тізіліп тұратын. Әпкем қолындағы қызыл сиялы қаламсаппен қателерге түзету енгізіп, сұрақ не леп белгісін қойып, оқушының тиісті бағасын қоятын. «Дәптер тексеру» – баға жетпес еңбек, мұғалім мен оқушының арасындағы «үнсіз» диалогы десем артық болмас. Әрбір оқушының дәптері мұғалімге сол оқушының жан-дүниесі туралы ақпарат көзі десем, келісесіздер деп ойлаймын. Дана ұстаз оқушының дәптері арқылы өз жұмысын ары қарай қалай жалғастыру керек екендігі туралы шешім қабылдары сөзсіз. Әпкемнің қол сумкасында қорапшада түрлі-түсті борлар толып тұрушы еді. Балалық қызығушылықпен «Өскенде мен де мұғалім боламын»,- деп үйдегі есіктерді «тақта» жасап, қуыршақтарға «мұғалім» болатынмын...

... Сол жылдары халқымыздың әдебиетке құштарлығы ерекше болды. Жаңадан бір роман шықса міндетті түрде оқып алуға тырысатын едік. Екі әпкеміз де студент болған кезде өз мамандықтарына байланысты алған оқу құралдарынан басқа да жинаған кітаптардың нәтижесінде үйімізде әжептәуір кітапхана қалыптасып еді. Абайдың «Қара сөздерінен» бастап, М. Әуезов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов сынды қазақ классиктерімен қатар дүниежүзілік классикадан Дж. Лондон, А. Дюма, Дж. Байрон, орыс классикалық әдебиетінен Л. Толстой, М. Лермонтов, А. Пушкин; А. Фет; Ф. Достоевский; А. Чехов; Н. Гоголь; И Тургенев; қырғыз классигі Ш. Айтматов шығармалары кітап қорымызда болды.1968 жылы шыққан Ілияс Есенберлиннің «Ғашықтар», 1969 жылы жарық көрген «Қаһар», кейіннен «Алмас қылыш», «Жанталас» романдары өте оқылымды болды.

